

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ

ШШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА» ҰЛТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ
МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ
респубикалық онлайн семинардың
жинағы

Астана, 2025

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға
арналған тұжырымдамасының» аясында шығарылды

Құрастырушылар: Д.Оспанова, Ж.Бахытбекқызы

Респубикалық онлайн семинар жинағы // Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2025. – 47 б.

Респубикалық онлайн семинар жинағында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда лексика-грамматикалық минимумды (ЛГМ) тиімді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері, оны әртүрлі деңгейлерге бейімдеу жолдары, сондай-ақ ЛГМ негізінде коммуникативтік тапсырмалар құрастырудың практикалық ұлгілері ұсынылған. Семинар материалдарында ЛГМ-ді цифрлық білім беру құралдары арқылы менгерту, оны оқу үдерісіне енгізуудің заманауи тәсілдері және халықаралық тіл үйрету тәжірибесімен ықпалдастыру мәселелері қарастырылады. Жинақ орта және жоғары білім беру ұйымдарының, тілдерді оқыту орталықтарының әдіскерлері, оқытушылары мен зерттеушілеріне арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» тіл орталықтары мамандары мен оқытушылардың кәсіби құзыретін арттыру – бүгінгі білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі. Осы орайда қазақ тілін тиімді менгертудің негізі саналатын лексика-грамматикалық минимумды (ЛГМ) жүйелі қолдану және оны халықаралық тіл үйрету тәжірибесімен ұштастыра отырып жетілдіру әдістемелік жұмыстың өзекті бағытына айналып отыр. ЛГМ-нің заманауи талаптарға сай құрылуы мен оны менгерту әдістерін жетілдіру тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін кешенді дамытуға жол ашады.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған бұл жинақ – «Лексика-грамматикалық минимумды қолдану жолдары» атты республикалық онлайн семинар аясында көтерілген өзекті мәселелер мен тәжірибелік ұсыныстардың нәтижесін топтастырған ғылыми-әдістемелік еңбек.

Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту жүйесінде лексика-грамматикалық минимум (ЛГМ) – тіл үйренушінің тілдік құзыретін қалыптастырудың іргелі әрі жүйелі негіз. ЛГМ-ді тиімді қолдану оқыту сапасын арттырып қана қоймай, үйренушінің практикалық тілдік дағдыларын нақты мақсатқа бағыттап дамытуға мүмкіндік береді. Соңдықтан да бұл мәселе қазіргі тіл үйрету әдістемесінің күн тәртібінен түспейтін, ғылыми әрі педагогикалық түрғыдан ерекше маңызға ие бағыттардың бірі болып отыр.

Семинар барысында қазақ тілін түрлі деңгейде менгертуге арналған ЛГМ құрылымы, оны құрастыру қағидаттары, тілдік жағдаяттарда қолдану жолдары, ұлттық-мәдени бірліктер мен эмоционалды-коммуникативтік құралдарды сабак мазмұнына кіріктіру мәселелері кеңінен қарастырылды. Теория мен тәжірибелі тоғыстырған бұл алаң отандық тіл үйрету тәжірибесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам болды.

Жинаққа енген материалдар мен баяндамалар әдіскер-оқытушылар мен жас мамандарға, оку бағдарламаларын әзірлеушілер мен оку құралын жасаушыларға нақты әдістемелік бағыт береді деп сенеміз. Сонымен қатар, бұл жинақ қазақ тілін үйрету ісін жетілдіруге, оку үдерісін сапалы үйимдастыруға өз септігін тигізеді деген үміттеміз.

**І ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ
МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНУДЫН
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ**

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

III. Қапантайқызы


Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, п.ғ.д.

Белгілі бір тілді менгерту үшін ең алдымен сол тілдің лексикасын оқытудың ерекшелігін білу маңызды. Адам қай тілде сөйлегісі келсе де, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің сөзін, ойын түсінбейді. Осы орайда, сөйлеу әрекеті, сөйлеуді қалыптастыру мен қабылдау әрекеттерін көпжақты деп қарастырамыз. Мысалы, сөйлеу әрекеті деп белгілі бір дәрежеде тіл белгілерін пайдалану арқылы сөйлеуші өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын көрсете алады десек [1], Л.Выготский бұл тұжырымды неғұрлым тарылтып, сөйлеу әрекетінің тілдік белгілерін «ынталандыру құралы (стимул-средство)» ретінде әрекет ететін дүние деп түсіну керек дейді. Яғни бұл әрекетті сөйлеуді жүзеге асыру мен оны қалыптастыруда алдын-ала жоспарланған мақсатты әрекет ретінде тануымыз керек деген пікір айтады [2]. Сондай-ақ сөйлеу әрекетінің компоненттері де әртүрлі болады. Әдетте, бұл ақыл-ой әрекеттері, мысалы, сөйлеуді жоспарлау және сөйлеу органдарының қызметі сияқты сыртқы әрекеттерді және олардың өзара байланысы мен тәуелділігін анықтау секілді ерекшеліктерден тұрады.

Кез келген тілді үйренуде, біріншіден, оның әртүрлі тілдік аспектілерін менгеру, екіншіден, қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білуге дағылану оқыту процесіндегі ең күрделі мәселелердің бірі. Тілді жүйелі түрде үйрену мектептен басталатындықтан, оны оқыту қазіргі ғылымдардың, атап айтқанда лингвистиканың, психологияның, педагогиканың соңғы жетістіктеріне сүйенетіні сөзсіз. Осы түрғыда елімізде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың ғылыми негізі жан-жақты қарастырылып жатыр, десек те, лексикалық дағыларды қалыптастыруда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар қазақ тілін оқыту әдіstemесі ғылымын теориялық түрғыдан толықтыруды қажет етеді. Зерттеу қорытындылары қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын сыныптарда лексиканы оқыту сапасын жетілдіруге, оқыту барысында окушының психикалық күйін анықтай отырып, оқытуды нәтижелі ететін әдістер бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Лексикалық дағыларды қалыптастыруда теориялық және әдіснамалық, қолданбалы сипаттағы практикалық ойлауды психикалық үрдістер жүзеге асырады. «Психиканың түйсінүү, қабылдау, ойлау немесе қиял үрдістерінің ұйымдастырылған жүйесі ретінде зерттелуі бүгінде осы үрдістердің өздерін игеруді ғана емес, сонымен қатар жүйелер мен жалпы обьектілердің табиғаты жөніндегі түсініктерді тереңнен қайта

ұғынуды талап етеді. Психикалық үрдістердің дамуы мен құрылымы жайлы түсініктерді қалыптастыру әуел бастан психологияның өзінің ауқымынан тысқары методологиялық сипаттағы мәселелерге көніл бөлуді қажет етеді» [3,3-б.]



Тіл үйренудегі психологиялық процестер әрекет арқылы дамиды деп айтуымызға болады. Бұл көзқарасты алғаш психолог Л.Г.Выготский ұсынған [2,20-б.]. Кейіннен бұл қағиданы А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, т.б. өз еңбектерінде қолдады. Тіл үйретудің ғылыми негіздерінің бірі психологиялық жағы И.А.Зимняя, Б.Б.Беляев, А.Н.Леонтьев, К.Оразбекова, Е.Суфиев, т.б. еңбектерінде айтылған. Бұл оқу құралдарында шет тілін оқытуда психология ғылымының атқаратын рөлі, өзге тілді үйренудің психологиялық заңдылықтары, ерекшеліктері, сабак тиімділігінің психологиялық аспектілері кеңінен баяндалған. Зерттеулер жоғарыда аталған ғалымдар А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский сияқты көрнекті психологиялардың адам әрекеті, сөйлеу механизмі жөніндегі ғылыми еңбектеріне негізделіп жазылған еді. Тілді, лингвистикалық жүйеде сарапталған тілдік бірліктерді оқыту әрекетінде субъектілердің сан қырлылығы оқыту әдістемесінің ғылымаралық сипаттың танытады.

Танушы тұлғаның оқу әрекеті барысындағы түрлі жай-күйі мен мотивациялық қырлары әдістеме ғылымында субъектінің психофизиологиялық ерекшелігімен тығыз бірлікте қарастыруды қажет етеді. «Сөз психологиясын, сөз тудыру механизмдерін зерттеп білу, адам психофизиологиясы функциясының дамуы (П.П.Блонский, Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Н.И.Жинкин және т.б.) аталған ұғымдардың әдістеме ғылымының дамуына тиімді әсерін тигізіп қана қоймай, «әдістемені» психологияның меншігіне жүктеді (В.А.Артемов, Г.В.Репкин, Б.А.Бенедиктов, Г.В.Карпов)» [4, 14-б.]. Психологиялардың пікіріне сүйенсек,

тіл үйретуде оқушының ойлау қабілетіне, оның ана тілінен алған біліміне сүйеніп, екінші тілде сөйлеу дағдыларын саналы қалыптастыру пайдалы. Сонда ғана қажетті дағдылар орнықты, нық қалыптасады. Психолог С.Л.Рубинштейн: «Дағды саналы түрде автоматтандырылған қимыл-эрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматтанған тәсілі ретінде қызмет атқарады», — дейді.

Ғалым Ф.Оразбаева лексиканы оқытуга байланысты: «Лексиканы оқытуда сөзге үлкен мән беріледі» деп, әр сөзді орынды қолдану арқылы өз ойын жүйелі жеткізуге болатындығын айтады [5, 100-б.]. Тілдегі сан алуан мағыналы сөздерді түсініп, талдап, таңдап қолдануда лексикалық дағдылардың қалыптасуының мәні аса зор. Демек, сөйлеу әрекеттері мен тілдік лексикалық құралдарды егіз ұғым ретінде қарастырмаса, тіл үйренуде тілдік қатынасқа түсіндің тиімді әдісін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістемесін ғылыми зерделеу жұмысымыздың негізгі міндеті ретінде қарастырылады.



Зерттеуде тілді оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастыру мәселесі аясында әдебиеттерге, отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жасалды. Ғалымдардың еңбектерінің негізінде теориялық деректерді зерттеу мен талдау әдістері қолданылды. Осы мақаланы жазу барысында педагогикалық зерттеулердің жүргізудің теориялық және практикалық әдістері қатар жүргізілді. Атап айтқанда, жұмыстың әдіснамалық базасы ретінде жалпы дидактикалық принциптер негізге алынып, эксперимент нәтижесінде лексикалық дағды қалыптастыру барысында оқушыларда кездесетін оқу үдерісіндегі бірқатар мәселелер анықталды. Жоғары сынып оқушыларының лексикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау мен еркін қарым-қатынасқа түсінде лексикалық дағды қалыптастырудың маңызын ашу үшін әдістемелік эксперимент өткізілді.

Анықтаушы кезенде біз лексикалық дағдылардың қалыптасуының бастапқы деңгейін бағалап, проблемаларды анықтадық. Екінші кезең – жасалған эксперимент жоспарын тікелей жүзеге асыруға арналды. Бұл практикалық кезеңнің барысында балалармен тікелей жұмыс жүргізілді. Үшінші кезенде мәлімдеме жасалды, яғни біз нәтижелерді өндедік, алынған деректерді талдадық, зерттеу барысында алынған сапалық және сандық сипаттамаларға статистикалық өңдеу жүргіздік. Сондай-ақ, алынған нәтижелер өзара салыстырылды (мысалы, анықтау кезеңінің нәтижелері бақылау кезеңінің нәтижелерімен). Алынған нәтижелер бойынша эксперименттің қалыптастыруши кезеңінде атқарылған жұмыстың тиімділігі туралы қорытынды жасалды.

Тілдің қызметі: «Біреуден бір нағсе етінү» әрекетінің деңгейлерге сай жүзеге асуы

A0	A1	A2	B1	B2	C1	C2
Терезені аш!	Есікті жап!	Есікті жап!	Есікті жап!	Есікті жап!	Есікті жап!	Есікті жап!
-	-	Есікті жапшы!	Есікті жапшы!	Есікті жапшы!	Есікті жапшы!	Есікті жапшы!
-	-	Есікті жабасың ба?	Есікті жабасың ба?	Есікті жабасың ба?	Есікті жабасың ба?	Есікті жабасың ба?
-	-	Есікті жаба салшы	Есікті жаба салшы	Есікті жаба салшы	Есікті жаба салшы	Есікті жаба салшы
-	-	-	Есікті жауып жіберші	Есікті жауып жіберші	Есікті жауып жіберші	Есікті жауып жіберші
-	-	-	Есікті жауып жібере аласың ба?	Есікті жауып жібере аласың ба?	Есікті жауып жібере аласың ба?	Есікті жауып жібере аласың ба?
-	-	-	-	-	Есікті жауып жіберсен жақсы болушы еді.	Есікті жауып жіберсен жақсы болушы еді.
						Егер саған киын болмаса, есікті ақырынғана жаба койышы

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру кезінде келесі ережелер ескерілді:

1. Зерттеу мақсаты мен гипотезасына сәйкес келетін оқу процесіне әдейі өзгерістер енгізуден тұрды;

2. Эксперименттік жұмыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) оқу бағдарламасының негізінде орта мектептің жоғары сыныбына бекітілген қазақ тілін оқыту бағдарламасына сәйкес жүргізілді;

3. Жұмыс лексикалық дағдыларды дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларының кешенінің тиімділігін зерттеу үшін жүргізілді.

Экспериментке жалпы 26 адам қатысты. Оның ішінде 13 адам бақылау тобында, 13 адам эксперименттік топта болды. Лексикалық дағдыларды қалыптастыру кезіндегі тапсырмаларды орындау барысындағы мәселелерді анықтау мақсатында қосымша саулнама жүргізілді.

Лексикалық құзыреттілік кез келген тілді екінші тіл ретінде оқытуда негізгі компоненттердің бірі болып табылады, өйткені лексикалық дағдыларды қалыптастырмай сол тілдегі ақпараттарды қабылдау немесе қолдану мүмкін емес [6,394-б.]. Сондықтан лексикалық дағдыларды қалыптастыруда коммуникативтік құзыреттілік мәселесіне де ерекше тоқталуымыз керек. Коммуникативтік құзыреттілік қазіргі шет тілдерін оқыту әдістемесінде белгілі бір компоненттерден (құзыреттерден) тұратын бірлік ретінде қарастырылады. Тілдерге арналған жалпы Еуропалық анықтамалық жүйенің авторлары [7,108-б.] коммуникативтік құзыреттіліктің келесі компоненттерін ажыратып көрсетеді:

-лексикалық, грамматикалық, семантикалық, фонологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық құзыреттерді қамтитын лингвистикалық құзыреттілік;

-социолингвистикалық құзыреттілік;

-дискурсивті (принциптерді білу) прагматикалық құзыреттілік, функционалдық (коммуникативтік функцияларды орындау үшін қолданылатын принциптерді білу) және тілдік бағдарламалау құзыреттілігі.

Тілді үйретудің деңгейлерінде оқушының барлық құзыреттіліктерін қалыптастыруда ең алдымен тілдік, (лексикалық, грамматикалық), фонетикалық (орфоэпиялық, орфографиялық), сөйлеу (жазылым, айтылым, тыңдалым) қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Лексикалық құзыреттілік тілдер үшін жалпы Еуропалық анықтамалық жүйеде лексикалық бірліктерді білу және лексикалық, грамматикалық элементтерден тұратын сөздік қорды пайдалану мүмкіндігі ретінде анықталады. Лексикалық элементтерге тұрақты тіркестер (ауызекі тілдегі формулалар, фразалық идиомалар, бекітілген фреймдер, фразалық етістіктер, бекітілген тіркестер) және жеке сөздердің формалары жатады. Грамматикалық элементтер сөздердің жабық кластарына жатады (мақалдар, есімдіктер, предлогтар, көмекші сөздер). Алайда, бұл анықтама лексикалық құзіреттіліктің құрамы мен құрылымын толық көрсетпейді, сондықтан әдіскерлердің осы мәселеге деген көзқарасын талдап көрейік.

Лексикалық дағдылар продуктивті және рецептивті болып бөлінетіндігі белгілі. Нәтижелі лексикалық құзыреттіліктің негізгі – белсенді лексика. Мұнда білім алушылар өз ойларын ауызша немесе жазбаша білдіру үшін, сонымен қатар тындау мен оқу кезінде басқа адамдардың ойларын түсіну үшін қолданатын лексикалық материал. Ал рецептивті лексикалық дағдылар активті және пассивті лексикаға негізделген, бұл оқушының басқа адамдардың ойларын ауызша (тындау кезінде) және жазбаша (оқу кезінде) қабылдау арқылы түсінетін лексикалық қабаттар. Өнімді лексика әрқашан рецептивті лексиканың бөлігі болып табылады, ал пассивті лексиканың сыйымдылығы активті лексикаға қарағанда үлкен. Батия Лауфер өз тәжірибелерінде пассивті лексиканың сыйымдылығы шет тілін үйрену процесінде белсенді лексиканың сыйымдылығынан он есе көп екенін дәлелдеді [8, 265-б.]. Ал ғалым Карин Агуадо сөзді түсіну оның

сөйлеуде белсенді қолданылуын міндетті түрде қамтамасыз ете бермейтінін және керісінше оқушының белсенді сөздік қорына жататын сөзді оқу немесе тындау кезінде әрдайым түсіне бермейтіндігін айтады [9]. Лексикалық дағдыларға байланысты профессор Р.К.Миньяр-Белоручев лексикалық дағдының мәнін қабілет ретінде анықтаған, оның қызметі нақты сөйлеуге байланысты ұзақ мерзімді жадтан сөз стандартын бірден шығару, оны сөйлеу тізбегіне қосу деп тұжырымдаған[15, 44–45-б.].

Лексикалық дағдылардың компоненттік негізін Э.Г.Азимов пен А.Н.Щукин ұсынады, олар сөздерді айту және лексикалық бірліктердің тіркесімі сияқты операциялармен қатар, сөздерді іріктеуге байланысты бірліктердің таңдау мен комбинацияның барлығын анықтайты [4, 133-б.]. Айта кету керек, сөз қолдану тек сөздерді білуді ғана емес, сонымен қатар оларды сөйлеу барысында орындың дұрыс жүмсауды да қажет етеді. Бұл көп уақытты алатын міндет екі аспект бойынша жүзеге асады: лексиканы сөйлеу кезінде еркін қолдануды үйреніп қана қоймай, оны қарым-қатынаста да түсіну. Шет тіліндегі сөйлеудің лексикалық дұрыстығы, ең алдымен сөзді дұрыс жүмсауда, үйренуші тілдегі сөздердің дұрыс тіркесімінде, оның нормаларына сәйкестігінде, сондай-ақ ана тіліндегі баламаларымен салыстыру арқылы ерекшеленеді.



Сөздер біздің жадымызда оқшауланбайды, бірақ лексикалық бірлік деңгейінде құрылымдық қатынастардың екі түрін доктриналық және синтагматикалық біріктіретін лексикалық-семантикалық қатынастардың күрделі жүйесіне енетіні белгілі. Синтагматикалық байланыстар – бұл сзыбытық орналастыру деңгейі. Синтагма деңгейі – сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысы. Синтагматикалық ассоциацияда «стақан» сөзін «сүт» сөзімен, ал «жақсы» сын есімін «бала» сөзімен байланыстыра оқытуға болады. 9–10 жастан бастап категориялық ойлау басым болады, сондықтан парадигматикалық байланыстар «жақсы» — «жаманмен», ал «стақан» сөзін «ыдыс» және т.б. байланыстырып оқыту тиімді.

1. Жағдаяттық ұстаным

«Қазақ тілін деңгейлік оқытудың негізгі ұстанымы – тілдік материалдарды қедімгі өмір шындығындағы жағдайлардың негізінде үйімдастырып, сөйлеу жағдаятында қолдану»

К. Қадашева

2. Тұрғалық бағдарлы оқыту ұстанымы

“Жаңадан тіл шығып келе жатқан сәби ез ойын жеткізу үшін сөйлемді тольц айттып жатпайды, сейлемнің ішнен ең маңызды, айтар ойын жеткізетін сөзді не тіркесті ғана айтады. Соңдай-ақ, адам ез ана тілінен бөтен, әсіресе, генеологиялық жағынан басқа тілді үйренигенде, ең алдымен қунделікті тіршілікке қажет тіркестер мен сөздерді жаттауға тырысады”

Оразбаева Ф.

Парадигматикалық байланыстар грамматикалық, фонетикалық және басқа парадигмалардың әртүрлі деңгейлерімен тікелей байланысты (мысалы, көпше зат есімнің қалыптасу парадигмасы, әр түрлі буындардағы дауысты дыбыстарды сәйкес орналастыру және т.б.) [11,34-б.]. Сөздердің парадигматикалық немесе тікелей байланыстары лексикалық және грамматикалық парадигмалардың формальды деңгейін ғана емес (яғни, сөздің әртүрлі формалары деңгейінде), сонымен қатар синонимдер, антонимдер және контекстке жақын басқа сөздерді қамтитын семантикалық өрістер мен микрожүйелерді де қамтиды. Жалпы, біз «пассивті лексика – активті лексика» дихотомиясы ретінде емес, біргіндеп өнімді және рецептивті лексикалық құзіреттіліктің арасындағы айырмашылықты анықтайтын Биргит Хенриксеннің көзқарасымен көлісеміз [12, 309-б.], яғни оқушылардың сөздік қоры бір-бірінен бөлек екі бөлікке бөлінбейді, кез келген тілді үйрену барысында лексикалық бірліктер пассивті лексикадан белсендіге және көрісінше болып ауысып отырады.

Лексикалық дағдыларды қалыптастыру кезең-кезеңімен жүреді. Лексикалық дағдыларды қалыптастырудың бірінші кезеңі сөз туралы сенсорлық ақпаратты алудан басталады, екінші кезең оны қолдану, үшінші кезең оны шығармашылықпен ұштастыру. Әр кезеңдегі лексиканы игерудің белгілі бір стратегиялары қолданылады: ынталандыруши (білім алушылардың қызығушылықтарын оятып, эмоциясын білдіруге ықпал ету); графикалық үйімдастырушиларды пайдалану стратегиясы (ақпаратты неғұрлым ыңғайлы қабылдау үшін «қысу» тәсілі, оқу материалын визуализациялау); лингвожүйелендіруші (сыни ойлауға бағытталған жаттығулар және игерілген лексиканы пысықтау, оны қолдану); ықтималды болжау стратегиясы (тілдік болжамды дамытатын жаттығулар жиынтығы); компенсаторлық (оқушылардың вокабулярында сөз тапшылығы кезіндегі қындықтарды жеңуге бағытталған әрекеттер); рефлексивті стратегия (лексикалық материалды игеру процесін бағалау, бақылау, жұмыс нәтижелерін интроспекциялау) [13, 16–18-бб.].

Тілдің танымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдеқайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болады. Тіл үйретуде сол тілді қолданушы халықтың рухани мәдениеті жайында тереңірек мәлімет берудің кейбір жолдары төмендегідей:

1. Сабак барысында кездесетін ұлттық сипаттағы сөздерді баламасы бар болса, тікелей аудару тәсілімен, егер жоқ болса, мағынасын ашу жолымен түсіндіру;

2. Мәтінге лингвостилистикалық талдау жасауда мәтінге қосымша автордың қысқаша өміrbаяны мен шығармашылығы, шығарманың жазылу тарихы, оқиға болған кезең т.б. жайлар мәліметтер беру;

3. Берілген тақырыпты, мәтінді түсіндіруде көру сезімдеріне әсер ету немесе соған сай бейнекільдер, иллюстрациялар, суреттер сынды көрнекілік құралдарын ұсыну;

4. Сабакқа сәйкес кинотелекурстар үйымдастыру;

5. Әр ұлттың өзіне ғана тән «ым тілі» жайында қосымша мәлімет беру т.б.

3. Қатысымдық-функционалдық ұстаным

“...Сөз жеке тұрганда, лексикалық тұлға ретінде атаулы қызмет атқарса, басқа сөздермен байланысқа түсіп, ойды жеткізу арқылы қатысымдық қызмет атқарады. Айтылымда қолданылатын кез келген лексикалық тұлғаның, яғни сөйлесімдік бірліктің ең негізгі маңызды ерекшелігі – оның функционалдығы.

Ф.Оразбаева

“Коммуникативті-функционалды принцип оқытудың барлық деңгейінде басшылыққа алынады”

Ерназарова З.Ш.

Қазақ тілін оқыту сабактарында ұлттанымдық деректерді тиімді тәсілдер арқылы ұсынуға бағытталған жұмыстарды жүргізу үшін мұғалім ұлт тарихы, мәдениеті жайында терең біліммен қаруланған, жан-жақты, білікті, нағыз ұлтжанды маман болуы керек.

Ересектерге тіл үйрету сабактарындағы уақыттың шектеулілігі ұсынылатын лексикалық минимумның ішіне ұлттың қофамдық және мәдени өмірі, дүниетанымы жайындағы мәліметтерді әр деңгейге сәйкес ұтымды жолмен сұрыптай отырып енгізу қажеттілігін тудырады. Елді таныту, мәдениетті таныту, тіл арқылы ұлтты таныту қажет, алайда, танымдық деректерді оқулықта берудің және берілген дүниені дұрыс жеткізе білудің жолы бар. Тіл үйренуші билетін грамматикалық бірліктер шектеулі болғандықтан, мәтіндер олардың деңгейіне қарай бейімделіп, қарапайым тілмен берілуі тиіс. Мәтіндер тіл үйренушіге ой салу, ары қарай өздері қосымша ақпарат алуға ынталандыру мақсатында ұлы адамдар жайлар зерттеушілердің пікірлерін тіл үйренушілердің өз ана тілінде әңгімелеп берсе, әлдеқайда тиімді болады. Біріншіден, уақыт үнемделеді, екіншіден, осыдан кейін ұсынылатын оқу материалының авторитетті арта түседі.

4. Танымдық ұстаным

Тілдің танымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдекайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болады, ондай деректер арқылы тіл үйренушінің бойында сол тілді қолданушы халықтың жанын түсіну, халыққа, тілге деген сый-құрмет сезімдерін оятады»

Оразбаева Ф.

«Адамзат тілі ежелгі дәуірден-ақ таным құралы ретінде дүниені танып білуге, санада сәулеленген түсініктерді жарыққа шығаруға қызмет етіп келеді. Адамзаттың алуан түрлі танымдық ұғым-түсініктерін оның тілдік танымынан ажыраты қарауға болмайтындығы жөнінде аз айттылып жүрген жоқ»

Г. Қосымова

«Тілді екінші тіл ретінде оқып-үйренудегі басты мақсат – сөйлеу әрекетін менгеру екені белгілі. Тіл үйретуде сөйлеу әрекетінің түрлері – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылымды қатар дамытып отыру маңызды. Бұл дағдылар үйренетін тілде еркін қарым-қатынас жасауға, өзгелермен пікір алмасып, өз көзқарасын білдіре алуына, өз ойын сауатты және жүйелі түре жеткізе алуына, қажетті ақпаратты тиімді қолдана алуына ықпал етеді» [14, 352-б.]. «Сөздер сөйлеу ағымына түскенде ғана тілдік қатынас құралына айналады» деп ғалым Ф.Оразбаева айтпақшы, тілді менгертуде коммуникациялық жаттығулардың маңызы зор [16, 121-б.]. Тілдік және сөйлеу жаттығуларының жалпы сандық қатынасы шет тілін менгерудегі басымдық сөйлеу практикасына беріледі деген заманауи әдістеменің деректеріне сүйене отырып анықталды.

Оқушылардың лексиканы игеру үдерісінде лексикалық дағды қалыптастыру белгілі бір ретпен жүреді: біріншіден, лексика оқушылардың сөздік қорына ене бастайды; сөздерді мағынасымен үйлесімді сөйлеуде қолдана білу; екіншіден, лексиканы қолдану автоматтылыққа көшеді; үшіншіден, лексиканы қолдану іс жүзінде сабакта оқушылармен жетілдіріледі. Осы бірізділікке байланысты бастапқы кезеңде лексикамен жұмыс істеудің лексикамен танысу, алгоритмдік, шығармашылық кезеңдері бойынша жұмыс жүргіздік. Жүргізілген жаттығу жұмыстарының бірінші тобы лексикалық жаттығу, яғни теориялық мәліметтер пысықталып, сөздерді автоматты шығаруға қолданыс үстінде дағыланады. Дұрысында, оқушылар сөздіктермен танысып, сөздікті пайдалану жұмысы оку үдерісіндегі лексикалық ұғымдармен бірге жүргізіліп отырды. Мысалы, түсіндірме сөздікпен танысу, оларды пайдалану жұмысы лексикалық ұғымдармен жұмыс жасау барысында қарастырылды. Әрбір жаңа сөзді өткенде оқушылар сөздің лексикалық мағынасын сөздіктे қалай түсіндірілетін немесе өздері мағынасын аша алмаған сөздердің мәнін ұғы үшін пайдаланды. Мысалы, көпмағыналы сөздердің, омоним сөздердің берілу тәртібін, атап айтқанда, көпмағыналы сөздердің әртүрлі синонимі, әртүрлі антонимі болатыны түсіндіріліп, оған сай жаттығу жұмысын жасалды. Мысалы, қыңыр бала,

қыңыр әңгіме деген тіркестерде қыңыр сөзіне бірде жуас, бірде оңай сөзі антоним бола алады (жуас бала). Ал синонимі де әртүрлі, айталық, қын бала, қисық әңгіме. қазақ тілін оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістемесі бойынша зерттеу жұмысы мақсаттарына қол жеткізді. Яғни біз мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытуда толық қалыптасқан лексикалық дағдыларсыз нәтижелі оқу үрдісін жүргізу мүмкін емес деген болжамды растадық. Жоғары сынып оқушыларының лексикалық дағдыларының қалыптасу денгейін бағалау мен еркін қарым-қатынасқа түсude лексикалық дағды қалыптастырудың маңызын ашу үшін жүргізілген әдістемелік эксперимент нәтижелерінің талдауына сүйене отырып, біз мынадай қорытындыға келдік: лексикалық дағдыларды менгеру автоматизм деңгейіне көтерілмей, сол тілде еркін қарым-қатынас жасауда қындықтар кездесе береді. Қазақ тілін үйрену кезінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі критерийлері: ситуацияларда белгілі бір сөздерді қолданудың орындылығы; диалог кезінде синонимдік сөздерді тез таңдау мүмкіндігі; ауызша және жазбаша тілдегі лексикалық қателердің саны.

Оқу сабактарында лексикамен танысу, алгоритмдік, шығармашылық кезеңдерді ескере отырып, жаттығулар кешенін енгізіп, сондай-ақ тестілеу жүйелерін қорытынды сабактарда түрлендіріп пайдалану арқылы оқытуды нәтижелі етуге болады. Ал жүргізілген сауалнама негізінде оқушылардың лексикалық тапсырмаларды орындау барысында кездесетін қындықтар мен психологиялық қолайсыздықтарды анықтадық. Сауалнама нәтижесі бойынша лексикалық дағдыларды дамытудың орташа деңгейі қалыптасқан балалар зерттелетін лексикалық материалды қолданумен байланысты қындықтарға тап болады. Өйткені ондай білім алушыларда лексика тиісті дәрежеде игерілмеген, сөйлеу тәжірибесі жеткіліксіз. Сонымен қатар бірқатар теориялық және практикалық тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, лексикалық дағдылар дегеніміз – айтылым немесе жазылым барысында лексиканы дұрыс қолданудағы оқушылардың қабілеттері деген тұжырым жасауға болады. Лексикалық дағдылар лексикалық құзыреттілікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Өз кезегінде, лексикалық құзыреттілік дегеніміз баланың лексикалық дағдыларын қалыптастыруға және шоғырландыруға бағытталған құзыреттілікті білдіреді. Лексикалық дағдылардың практикалық маңыздылығы сөйлеудің негізгі компоненттерін дұрыс пайдалану, қарым-қатынасты дұрыс құру, өз ойын білдіру және оларды сұхбаттасуышына жеткізу үшін қажетті құралдарды таңдау қабілетінен тұрады.

Қорыта келе, қазақ тілін оқытуда лексикалық дағдыларды қалыптастырудың әдістемесі бойынша зерттеу жұмысы мақсаттарына қол жеткізді. Яғни біз мектеп оқушыларына қазақ тілін оқытуда толық қалыптасқан лексикалық дағдыларсыз нәтижелі оқу үрдісін жүргізу мүмкін емес деген болжамды растадық. Жоғары сынып оқушыларының лексикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау мен еркін қарым-

қатынасқа түсуде лексикалық дағды қалыптастырудың маңызын ашу үшін жүргілген әдістемелік эксперимент нәтижелерінің талдауына сүйене отырып, біз мынадай қорытындыға келдік: лексикалық дағдыларды менгеру автоматизм деңгейіне көтерілмей, сол тілде еркін қарым-қатынас жасауда қындықтар кездесе береді. Қазақ тілін үйрену кезінде лексикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі критерийлері: ситуацияларда белгілі бір сөздерді қолданудың орындылығы; диалог кезінде синонимдік сөздерді тез таңдау мүмкіндігі; ауызша және жазбаша тілдегі лексикалық қателердің саны. Оқу сабактарында лексикамен танысу, алгоритмдік, шығармашылық кезеңдерді ескере отырып, жаттығулар кешенін енгізіп, сондай-ақ тестілеу жүйелерін қорытынды сабактарда түрлендіріп пайдалану арқылы оқытуды нәтижелі етуге болады. Ал жүргілген сауалнама негізінде оқушылардың лексикалық тапсырмаларды орындау барысында кездесетін қындықтар мен психологиялық қолайсыздықтарды анықтадық. Сауалнама нәтижесі бойынша лексикалық дағдыларды дамытудың орташа деңгейі қалыптасқан балалар зерттелетін лексикалық материалды қолданумен байланысты қындықтарға тап болады.

Әйткені ондай білім алушыларда лексика тиісті дәрежеде игерілмеген, сөйлеу тәжірибесі жеткіліксіз. Сонымен қатар бірқатар теориялық және практикалық тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, лексикалық дағдылар дегеніміз – айтылым немесе жазылым барысында лексиканы дұрыс қолданудағы оқушылардың қабілеттері деген тұжырым жасауға болады. Лексикалық дағдылар лексикалық құзыреттілікті қалыптастырудың негізі болып табылады. Өз кезегінде, лексикалық құзыреттілік дегеніміз баланың лексикалық дағдыларын қалыптастыруға және шоғырландыруға бағытталған құзыреттілікті білдіреді. Лексикалық дағдылардың практикалық маңыздылығы сөйлеудің негізгі компоненттерін дұрыс пайдалану, қарым-қатынасты дұрыс құру, өз ойын білдіру және оларды сұхбаттасуышыға жеткізу үшін қажетті құралдарды таңдау қабілетінен тұрады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Railanova V. Methods of foreign language teaching: psychological context // «Наукові записки Національного університету «Острозька академія»: серія “Психологія”». –2020. –№11. –С. 136–140.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. Изд. 5, испр. –М.: Издательство «Лабиринт», 1999. –352с.

3. Шабельникова В.К. Психика – функциялық жүйе: оқу құралы / Ауд. С. Бердібаева. – Алматы: Ана тілі, 1998. –248 с.
4. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚЖӘТУ, 2010. –324 б.
5. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теория және әдістемесі. –А.: Білім, 2000. –208 б.
6. Kazhan Y.M. et al. The use of mobile applications and Web 2.0 interactive tools for students' German-language lexical competence improvement. –2020.
7. Chorna O.V., Hamaniuk V.A., Uchitel A.D. Use of YouTube on lessons of practical course of German language as the first and second language at the pedagogical university // CTE Workshop Proceedings. –2019. –T.6. –C. 294–307.
8. Laufer B. The development of passive and active vocabulary in a second language: Same or different? // Applied linguistics. –1998. –No2.–T. 19. –C. 255–271.
9. Aguado K. Evaluation fremd sprachlicher Wortschatzkompetenz: Funktionen, Prinzipien, Charakteristika, Desiderate//Fremdsprachenlehren und lernen–2004. –No33. –P.231–250.
10. Миньяр-Белоручев Р.К. Методический словарик. Толковый словарь терминов методики обучения языкам. –М.: Высшая школа, 1996. –240 с.
11. Коростелев В.С. Основы функционального обучения иноязычной лексике. –Воронеж: ВГУ, 1990. –157 с.12.Henriksen B. Three dimensions of vocabulary development //Studies in second language acquisition. –1999. –No2.–T. 21. –C. 303–317.
13. Сиземина А.Е. Методика развития лексической компетенции студентов лингвистического вуза на основе формирования мотивационной базы обучения (английский язык): автореф. дис. ... канд. пед. наук. –Н. Новгород, 2009. –22 с.
14. Бердіқұлова А., Қапантайқызы Ш. Тіл үйретуде оқылым дағдысын қалыптастыру мәселесі жайында // Ясауи университетіндегі хабаршысы. –2022. –No4 (126). –Б. 351–361. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.30>
15. Косымова Г., Бисенбаева М., Каримова Г., Каратаев Н. Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 9-кл. общеобразоват. шк. с рус. яз. обучения. – Алматы: Мектеп, 2019.–208 с.16. Оразбаева Ф.Ш. Айтылым әрекетіндегі сөздің қатысымдық қызметі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. – 2021. –No1 (75). –Б. 117–122. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.20>

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ АРҚЫЛЫ ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Жұлдызай Қабділмәжитқызы

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Әдістеме LAB ғылыми қызметкери

Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда лексика-грамматикалық минимум (ЛГМ) ұғымының орны ерекше. ЛГМ – тіл үйренушіге ең қажетті сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығы. Бұл жүйе оқытудың барлық деңгейінде тіл үйренушінің негізгі қатысымдық қажеттіліктерін өтеуге бағытталған. Жүйелі түрде іріктелген ЛГМ сөздік қоры мен грамматикалық формалар тілдік ортада сенімді сөйлеуге жол ашады.

Бұл баяндамада ЛГМ-нің ғылыми негіздері, оны құрастыру қағидаттары, қолдану жолдары және практикалық тапсырмалар құрастыру әдістері қарастырылады.



1. ЛГМ-нің теориялық негіздері мен құрылымы

Лексика-грамматикалық минимумды құрастыру барысында үш негізгі дереккөзге сүйену ұсынылады:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген лексикалық минимум;
- Қазақ тілінің корпустық зерттеулері (National Corpus of Kazakh);
- Жалпыеуропалық тілдік стандарттар – CEFR жүйесі.

Аталған ғылыми негіздерге сүйене отырып, әр деңгейге сай лексикалық бірліктер:

- A1 – 690 сөз
- A2 – 1270 сөз
- B1 – 2050 сөз
- B2 – 2740 сөз
- C1 – 3670 сөз қамтылды

Бұл көлемдер тіл үйренушінің әр деңгейдегі қатысымдық міндеттерін орындауға мүмкіндік береді.

2. ЛГМ-нің қолдану жолдары

Лексика-грамматикалық минимум оқу үдерісінің бірнеше кезеңінде тиімді қолданылады:

1) Сөздік қызметі – ЛГМ-де тақырыптық сөздік қор жүйеленіп берілгендейтін, оқытушылар үшін сөздікпен жұмыс жүргізу жөндейді.

2) Бейімделген мәтін түзу – Әр деңгейге бейімделген мәтіндерді құрастыру барысында ЛГМ-нің сөздік және грамматикалық материалдары негізге алынады.

3) Оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу – ЛГМ негізінде лексикалық және грамматикалық жаттығуларды жүйелі түрде құрастыруға болады.

4) Бағалау жүйесі – ЛГМ деңгейлік тестілеу жүйесін әзірлеуде нақты тілдік база ретінде қызмет атқарады.

3. Модульдік тақырыптар ұсныу

ЛГМ негізінде құрастырылған «Саяхат» модулін келесі тақырыптар бойынша бөліп қарастыруға болады:

- Қазақстанның көрікті жерлері
- Шетелдегі демалыс
- Саяхат не үшін керек?
- Мен саяхаттауды ұнатамын
- Саяхатқа дайындық
- Саяхат кезіндегі күн тәртібім

Аталған тақырыптар әрқайсысына тән арнайы лексика мен грамматикалық құрылымдар негізінде таңдалып алынады. Бұл модуль шеңберінде тіл үйренушінің коммуникативтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қатысымдық тапсырмалар құрастыруға толық мүмкіндік бар.

4. Тапсырмалар үлгісі

ЛГМ негізінде түрлі тапсырмалар түрлерін жасауға болады. Мысалы:

1-тапсырма – сәйкестендіру:




2-тапсырма – сөз тіркестерін құрастыру:

- Төлкүжат ... тексеру

- Мұхитта ... жүзу
- Шекарадан ... өту
- Хабарландыру ... жасау
- Сапарға ... шығу
- Көшеде ... адасу

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ (ЛГМ)

2 - ТАПСЫРМА. СӨЗ ТІРКЕСІН ҚҰРАҢЫЗ.



Бұл тапсырмалар тіл үйренушінің сөздік қорын ғана емес, сонымен қатар грамматикалық құрылымдарды да дұрыс қолдануға үйретеді.

5. Клише сөздер және күнделікті қолданыс

ЛГМ құрамына күнделікті өмірде жиі қолданылатын клише сөздер мен сөйлеу үлгілері де кіреді. Бұл элементтер тілді үйренушіге шынайы коммуникативтік ортада еркін сөйлеуге көмектеседі. Сонымен қатар tilalemi.kz сияқты цифрлық платформаларда орналастырылған ресурстар арқылы оқытушылар мен тіл үйренушілер лексикалық минимумды жүйелі меншере алады.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ (ЛГМ)

КАЗАХ-ТІРКІСІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМЫ

11. Сәзат <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; font-size: 0.8em;"> <tr><td>демалыс</td><td>зат есім</td><td>жаруу</td><td>устеу</td></tr> <tr><td>сақшыт</td><td>зат есім</td><td>Казакстан</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>алом</td><td>зат есім</td><td>шекара-шегара</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>өнгілеу</td><td>зат есім</td><td>бекет</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>соптусын</td><td>зат есім</td><td>шешіл</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>батыс</td><td>зат есім</td><td>сапар</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>шыныс</td><td>зат есім</td><td>жолаудын</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>төмөн</td><td>зат есім</td><td>тұлғадын</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>шыныс</td><td>зат есім</td><td>жаралық</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жарыл</td><td>зат есім</td><td>жүз</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жүз</td><td>зат есім</td><td>жекелей</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>төмөнкінекшілік</td><td>зат есім</td><td>мұнай</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке</td><td>зат есім</td><td>аралық</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>орталық</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>екеуіртін</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>мұражай</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>мөнін</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жекелей</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>бейнекесінде</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жабарлайдыру</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жабарлама</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>байланыс</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жолауды</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жергілік</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>серуендеу</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жарыл</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жонис сұрау</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>риза болу</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жола алу</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>сүнуг</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>орналасу</td><td>зат есім</td></tr> <tr><td>жеке-жеке</td><td>зат есім</td><td>жону</td><td>зат есім</td></tr> </table>	демалыс	зат есім	жаруу	устеу	сақшыт	зат есім	Казакстан	зат есім	алом	зат есім	шекара-шегара	зат есім	өнгілеу	зат есім	бекет	зат есім	соптусын	зат есім	шешіл	зат есім	батыс	зат есім	сапар	зат есім	шыныс	зат есім	жолаудын	зат есім	төмөн	зат есім	тұлғадын	зат есім	шыныс	зат есім	жаралық	зат есім	жарыл	зат есім	жүз	зат есім	жүз	зат есім	жекелей	зат есім	төмөнкінекшілік	зат есім	мұнай	зат есім	жеке	зат есім	аралық	зат есім	жеке-жеке	зат есім	орталық	зат есім	жеке-жеке	зат есім	екеуіртін	зат есім	жеке-жеке	зат есім	мұражай	зат есім	жеке-жеке	зат есім	мөнін	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жекелей	зат есім	жеке-жеке	зат есім	бейнекесінде	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жабарлайдыру	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жабарлама	зат есім	жеке-жеке	зат есім	байланыс	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жолауды	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жергілік	зат есім	жеке-жеке	зат есім	серуендеу	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жарыл	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жонис сұрау	зат есім	жеке-жеке	зат есім	риза болу	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жола алу	зат есім	жеке-жеке	зат есім	сүнуг	зат есім	жеке-жеке	зат есім	орналасу	зат есім	жеке-жеке	зат есім	жону	зат есім	КАЗАХ-ТІРКІСІНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМЫ <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; font-size: 0.8em;"> <tr><td>келису</td><td>етістік</td></tr> <tr><td>түсу</td><td>етістік</td></tr> <tr><td>міну</td><td>етістік</td></tr> <tr><td>араласу</td><td>етістік</td></tr> <tr><td>алдеім</td><td>есімдік</td></tr> <tr><td>алдебіреу</td><td>есімдік</td></tr> <tr><td>арнайы</td><td>устеу</td></tr> <tr><td>босқа</td><td>устеу</td></tr> <tr><td>арен</td><td>устеу</td></tr> <tr><td>жалдам</td><td>устеу</td></tr> <tr><td>басқаша</td><td>устеу</td></tr> </table>	келису	етістік	түсу	етістік	міну	етістік	араласу	етістік	алдеім	есімдік	алдебіреу	есімдік	арнайы	устеу	босқа	устеу	арен	устеу	жалдам	устеу	басқаша	устеу
демалыс	зат есім	жаруу	устеу																																																																																																																																																				
сақшыт	зат есім	Казакстан	зат есім																																																																																																																																																				
алом	зат есім	шекара-шегара	зат есім																																																																																																																																																				
өнгілеу	зат есім	бекет	зат есім																																																																																																																																																				
соптусын	зат есім	шешіл	зат есім																																																																																																																																																				
батыс	зат есім	сапар	зат есім																																																																																																																																																				
шыныс	зат есім	жолаудын	зат есім																																																																																																																																																				
төмөн	зат есім	тұлғадын	зат есім																																																																																																																																																				
шыныс	зат есім	жаралық	зат есім																																																																																																																																																				
жарыл	зат есім	жүз	зат есім																																																																																																																																																				
жүз	зат есім	жекелей	зат есім																																																																																																																																																				
төмөнкінекшілік	зат есім	мұнай	зат есім																																																																																																																																																				
жеке	зат есім	аралық	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	орталық	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	екеуіртін	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	мұражай	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	мөнін	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жекелей	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	бейнекесінде	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жабарлайдыру	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жабарлама	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	байланыс	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жолауды	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жергілік	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	серуендеу	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жарыл	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жонис сұрау	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	риза болу	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жола алу	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	сүнуг	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	орналасу	зат есім																																																																																																																																																				
жеке-жеке	зат есім	жону	зат есім																																																																																																																																																				
келису	етістік																																																																																																																																																						
түсу	етістік																																																																																																																																																						
міну	етістік																																																																																																																																																						
араласу	етістік																																																																																																																																																						
алдеім	есімдік																																																																																																																																																						
алдебіреу	есімдік																																																																																																																																																						
арнайы	устеу																																																																																																																																																						
босқа	устеу																																																																																																																																																						
арен	устеу																																																																																																																																																						
жалдам	устеу																																																																																																																																																						
басқаша	устеу																																																																																																																																																						

Лексика-грамматикалық минимум – бұл тіл үйрету үдерісінің іргетасы ері бағдаршамы іспетті. Ол оқыту барысында тіл үйренушінің қандай сөздік

бірліктердің және грамматикалық құрылымдарды менгеруі тиіс екенін нақтылап көрсетеді. Тіл менгертуде жүйелілік пен пән мақсаттылықтың маңызы зор. Ал ЛГМ осы талаптарға толық жауап береді. Сондықтан оны құрастырудың ғылыми негізге сүйеніп, халықаралық әдістемелік стандарттарды басшылықта алу – оқыту сапасын арттырудың негізгі алғышарты.

ЛГМ тілдің функционалдық сипатына сайнан құрастырылуы тиіс, яғни тіл үйренуші менгеретін сөздер мен грамматикалық құрылымдар күнделікті өмірлік жағдаяттарда жиі қолданылатын, нақты коммуникативтік мәні бар тілдік бірліктер болуы қажет. Мұндай тәсіл оқытушыларға тапсырмалар құрастырудың нақты бағдар береді, ал тіл үйренушілер үшін тілдік материалды жаттап қана қоймай, оны шынайы қарым-қатынас барысында дұрыс әрі орынды қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЛГМ-нің оқу бағдарламаларына жүйелі түрде енгізілуі тіл үйренушінің тілдік дағдыларының кешенді түрде дамуына ықпал етеді. Тіл үйренушінің тілдік қабілеттері – тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым – өзара байланыста дамуы керек. Лексика-грамматикалық минимум осы төрт дағдыны төң қамтитын тапсырмалар арқылы оқытудың мазмұнын байыта түседі, тілді шынайы қатысым құралы ретінде менгеруге жол ашады.

Онлайн семинар барысында қатысушыларға Google Forms платформасында ЛГМ негізінде құрылған практикалық тапсырмалар ұсынылды.

Практикалық жұмыс

1-күн (14.05.2025)

zhansaya.bakhytbekkyzy@gmail.com Сменить аккаунт



✉ Не будет видно получателю

*Обязательный вопрос

Практикалық бөлім

Лексика-грамматикалық минимумының А1 деңгейін ашиқыз. "Денсаулық" *
тақырыбындағы берілген сөздердің қандай грамматикалық форма арқылы
үйретуге болатынын жазықыз. Неліктен? Мысал келтіріңіз.

Мой ответ

Берілген сөздер мен грамматикалық формаларды пайдаланып А1
деңгейінде "Сағат қанша болды?" тақырыбына жағдаяттық диалог
құраңыз.

*

Сабактың тақырыбы: Сағат қанша болды?

Жаңа сөздер: бүгін, ертең, кеше, кешке, таңертең, тұру, жұру, серуендеу,
демалу, ұйықтау, ояну, жұмыс істеу, тез, жай.

Грамматикалық форма: барыс септігі.

Мой ответ

Берілген грамматикалық бірліктерді (**жатыс септігі, барыс септігі, шығыс** * септігі, ілік септігі, жедел өткен шақ, көптік жалғауы, бұйрық рай, **болымды/болымсыз етістік**) Т. Аяпова көрсеткен эксперименттік реттілікке қарай ең қолайлы оқу тәртібі бойынша орналастырыңыз.

Мой ответ

"Азық-түлік сатып алу» жағдаятына арналған мәтін құраңыз.

Мәтіндегі **жағдаяттық, түлғалық бағдарлық, қатысымдық-функционалдық, танымдық ұстанымдарды** (әрқайсысына мысал) қысқаша түсіндіріңіз.

Мой ответ

Резерв сөздер тізімінен A1 лексикалық минимумына енгізуге тұрарлық 4 * сөзді тандап алыңыз. Эр сөздің қасына К. Жақсылықова көрсеткен 9 критеридің кемі ушеуін қолданып (оңай-қыын, тақырыпқа сәйкестік, қайталану жиілігі, т.б.) негізде жазыңыз.

Мой ответ

Сурет бойынша A2 деңгейінің лексикалық минимумын жасаңыз. A2 деңгейіне сай мәтін құраңыз.



Мой ответ

Қорытындылай келе, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда жүйелілік пен мақсаттылық – ең басты қағидалардың бірі. ЛГМ-ді қолдану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Сабақ мазмұнын нақты әрі жүйелі жоспарлауға;
- Әр деңгейге лайық лексикалық және грамматикалық материалдарды іріктеуге;
- Тіл үйренушінің білім деңгейін бақылауға және сараптауға;
- Оқу процесін мақсатты әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Болашақта ЛГМ негізінде ақпаратты, тапсырмаларды да жаңартып, түрлі платформада қолдануды көздел отырмыз. Бұл жүйе арқылы қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілерге сапалы әрі қолжетімді білім беру мүмкін болады деп сенемін.

**II ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ/ШЕТ
ТІЛІ РЕТИНДЕ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ
ЖОЛДАРЫ**

ҚАЗАҚ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТИНДЕ ҮЙРЕТУ: ҚҰРАЛДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

M.N. Базілбек

«Jetil.kz» тіл мектебінің жетекшісі, полиглот, әдіскер, тіл тәлімгері

Ұлттық тіл – халықтың тарихи жады, мәдени коды мен болмысын сақтау мен дамытудың негізгі тетігі. Мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында кеңінен қолданылуы – тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекет үшін стратегиялық басымдықтардың бірі. Қазақ тілінің функционалдық қызметін арттыру, оны қоғамдық коммуникацияның басты арнасына айналдыру – тілдік экожүйе мен ұлттың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі. Бұл баяндамада Президент К.Тоқаевтың тіл саясатына қатысты тапсырмалары, қазіргі жастар мәдениетіндегі қазақ тілінің орны және бұл құбылыстың ғылыми-институционалдық мәні қарастырылады.

LET'S SEE AT THE STATISTICS

President Tokayev ordered to increase the share of content in the Kazakh language in education, cinema and social networks.



1. Мемлекеттік тіл саясатының ғылыми негіздері

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үдерісі бірнеше ғылыми-теориялық бағыттармен байланысты:

- Социолингвистика тұрғысынан бұл – тіл мен қоғам арасындағы өзара әрекеттің нәтижесі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар әлеуметтік идентификация мен интеграция факторы.

- Қоғамдық тілдік жоспарлау (language planning) теориясы аясында тілдің қолдану аясын кеңейту — мақсатты түрде жүргізілетін институционалдық әрекет.

- Прагмалингвистика бойынша қазақ тілінің білім беру, медиа және мәдениетте қолданылуы – тілдің коммуникативтік қуатын арттырып, оны функционалды құралға айналдырады.

2. Президент К.Тоқаевтың тапсырмасы: институционалдық реакция

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың білім, кино және әлеуметтік желілердегі қазақ тілді контенттің үлесін арттыру жөніндегі тапсырмасы – тілдік саясаттың жаңа кезеңінің бастамасы ретінде бағаланады. Бұл:

- Білім беру саласында — оқулықтар мен оқыту құралдарының қазақ тіліндегі мазмұнын кеңейтуге;

- Кино саласында — қазақ тіліндегі түпнұсқалық фильмдер мен дубляждардың артуына;

- Цифрлық кеңістіктегі — қазақ тіліндегі медиаөнімдердің таралуына жағдай жасайды.

3. Әлеуметтік желілердегі қазақ тілі: сандық мәдениет және медиалингвистика

Қазақ тілінің әлеуметтік желілердегі үлесі — қазіргі жастардың тілдік мінездіктері мен мәдени сұраныстарын бейнелейтін индикатор. TikTok, Instagram, YouTube секілді платформаларда қазақ тілінде влогтар, подкасттар, әңгіме және музика контенті артып келеді.

Бұл құбылыс медиалингвистика түрғысынан қарастырғанда, жаңа дискурстық кеңістіктегі тілдің трансформациясын сипаттайты; тілдік трендтер мен неологизмдер қазақ тілінің бейімделгіштік қабілетін дәлелдейді; жаңа медиа құралдары арқылы қазақ тілі бұқаралық сипат алып, жасөспірімдер арасында тілдің беделі арта түсude.

4. Садраддин феномені: тіл мен мәдениеттің түйісу нұктесі

Садраддин – қазіргі қазақ эстрадасының жас буын өкілі, оның шығармашылығы қазақ тілінің жастар ортасындағы резонансын арттырып отыр. 2024 жылды Алматыда өткен 30 мың адамдық концерті – бұл тек музикалық оқиға емес, сонымен қатар мәдени-әлеуметтік құбылыс.

Ғылыми интерпретацияда бұл: тіл арқылы берілетін мәдени капиталдың көбеюі; ұлттық музыканың урбанизацияланған нұсқасы арқылы қазақ тілін жаңа формада тану; креативті индустрия мен тіл саясатының түйісін ретінде сипатталады.

5. Мәдени бірегейлік және тіл

Қазақ тілінің кең таралуы – тек коммуникативтік емес, сонымен қатар идентификациялық функция атқарады. Бұл – тіл арқылы ұлттың өзіндік бет-бейнесін сақтау мен әлемдік мәдени кеңістіктегі дараңану жолы. Мемлекеттік тіл ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі, тарихи-мәдени жадының тірегі және көпэтности қоғамда біріктіруші фактор бола алады.

Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйрету үдерісінде қолданылатын әдістер – тіл үйренушінің коммуникативтік, когнитивтік және мәдени құзыреттерін дамытуға бағытталады. Оқыту барысында мақсатқа, деңгейге, тілдік ортаға және үйренушінің жас ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер кешенді түрде қолданылады. Төменде солардың ішіндегі кең таралған және тиімді әдістерге тоқталамыз:



Мишель Томас – поляк текті америкалық тіл маманы және полиглот. Ол Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін түрлі елдерде тіл үйрету ісімен айналысып, өзінің бірегей оқыту жүйесін жасап шығарды. Оның әдісінің басты қағидалары:

Стресссіз оқу процесі. Тілді үйрену кезінде ешқандай қысым немесе тест, жаттығу, үй тапсырмасы болмайды. Жауапкершілік мұғалімге жүктеледі. Оқушы емес, мұғалім тіл үйретудің негізгі ауыртпалығын өз мойнына алады. Қайталау мен құрылымдық үйрету. Тілдің құрылымдары біртіндеп, қарапайымнан күрделіге қарай дамиды. Интуитивтік менгеру. Оқушы грамматиканы ереже ретінде емес, сөйлеу барысында табиғи түрде менгереді.

Әдістің ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ: Оқушы ештеңені жаттамайды. Есте сақтау – мақсат емес, керісінше, түсініп, қолдану – негізгі ұстаным. Мұғалім барлығын айтып түсіндіреді, оқушы тыңдалап қайталайды. Бұл әдіс тыңдалым мен айтылымға басымдық береді. Диалог формасында оқыту. Сабак кезінде мұғалім мен оқушы арасында сұхбат жүріп отырады. Топтық сабактарда әр оқушы басқаның қатесінен де үйренеді.

Әдістің тиімділігі. Әдіс тіл үйренуге уақыты аз немесе дәстүрлі әдістерден жалыққан адамдарға арналған. Оның тиімді жақтары: Тілдің тез сөйлей бастауға көмектеседі. Грамматикалық құрылымдарды интуитивті түрде менгереді. Сөйлеу тілін дамытуға бағытталған. Уақыт үнемдейді, себебі үй тапсырмасы мен кітаптар талап етілмейді. Зерттеулер көрсеткендегі, бұл әдісті қолданған оқушылар қысқа уақыт ішінде негізгі сөйлеу құрылымдарын менгеріп, еркін сөйлей бастайды. Мишель Томас әдісі көптеген тілге, соның ішінде ағылшын, испан, француз, неміс тілдеріне бейімделген. Кейбір энтузиастар оны тіпті қазақ тіліне де бейімдеп көріп жүр.

Мишель Томас әдісінің қағидаларын қазақ тілін үйрету процесіне де бейімдеуге болады. Ол үшін қазақ тілінің жиі қолданылатын құрылымдары іріктеліп, оларды ауызекі тіл негізінде үйрету, тыңдалым мен қайталауға

негізделген диалогтар құрастыру, интонация мен сөйлеу ритмін дұрыс жеткізуге басымдық беру қажет.



Коммуникативтік әдіс – шет тілін, соның ішінде қазақ тілін үйретуде кеңінен қолданылатын заманауи әдістемелік бағыттардың бірі. Бұл әдістің басты мақсаты – тіл үйренушіні шынайы өмірлік жағдаяттарда еркін сөйлей алуға, ойын нақты жеткізуге, тілдік бірліктерді қатысымдық мақсатта дұрыс қолдануға үйрету. Коммуникативтік әдіс дәстүрлі грамматикалық-баяндау тәсілінен өзгеше. Мұнда тілдік білім мен дағды – мақсат емес, қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылады. Оқытушының рөлі де өзгеріп, ол енді тек білім беруші ғана емес, оқушыны сөйлеуге ынталандыратын, тілдік жағдаятты ұйымдастыратын коммуникативтік серіктеске айналады.



Мемлекеттік тілдің қоғамдық кеңістіктегі үлесін арттыру мәселесі – кешенді, институционалдық және мәдени сипаттағы міндет. Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасы қазақ тілінің жаңа дәуірге қадам басқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Садраддин сынды жас буын өкілдерінің шығармашылығы мен әлеуметтік желідегі белсенділігі тілдің әлеуетін арттырып, қазақ тілінің заманауи дискурстағы орнын нығайта түсуде.

TECHNOLOGIES & INSTRUMENTS



Quizlet

Wordwall

Kahoot!

L
I
V
E

Ғылыми қауымдастық бұл үрдістерді терең зерттеу арқылы тіл саясатының тиімді модельдерін ұсынып, қоғамдық санада қазақ тілінің қажеттілігі мен мәртебесін бекемдей алады.

Қазіргі заманда қазақ тілі шет тілі ретінде оқыту үдерісі жаңа серпінге ие болып отыр. Оған ықпал ететін басты факторлардың бірі – заманауи оқыту құралдары мен білім беру технологияларының дамуы. Сандық ресурстардың, мультимедиалық платформалардың, тіл үйретуші қосымшалардың және онлайн оқыту жүйелерінің көбеюі қазақ тілін менгеруді қолжетімді, қызықты және тиімді етуде.

Баяндама барысында мен қазақ тілін оқытуда қолдануға болатын бірқатар технологиялық шешімдерді қарастырдым: интерактивті платформалар, мобиЛЬДІ қосымшалар, онлайн курстар, әлеуметтік желілердегі контент және жасанды интеллектке негізделген құралдар – бұлардың барлығы тіл үйренушінің мотивациясын арттырып, оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дәстүрлі әдістер мен қазіргі технологияларды үйлестіре отырып, оқытудың сапасын арттыруға болады деген қорытындыға келдім.

Тиімді оқыту тек құралдарға ғана емес, мұғалімнің шығармашылығы мен әдістемелік икемділігіне де тікелей байланысты. Сондықтан технологияны мақсатты, әдістемелік тұрғыдан сауатты қолдану – шет тілі ретіндегі қазақ тілін оқытудың табысты болуына кепіл бола алады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін шет тілі ретінде үйретуде технология – көмекші құрал ғана емес, тіл менгертудің заманауи қажеттілігі. Алдағы уақытта бұл бағыттағы тәжірибе мен ізденістер арта түседі деп сенемін.

A1, A2 ДЕНГЕЙЛЕРІНДЕ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

A.C. Зинедина

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы Әдістеме LAB ғылыми қызметкери

Қазақ тілін шет тілі немесе екінші тіл ретінде оқытуда лексика-грамматикалық минимум ұғымы ерекше мәнге ие. Бұл минимум тіл үйренушінің қарым-қатынасқа қажетті негізгі сөздер мен грамматикалық құрылымдарды игеруін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, A1-A2 деңгейлеріндегі тілдік бірліктерді жүйелеу және оларды тиімді қолдану тілдік коммуникативтік құзыреттілік қалыптастырудың алғашқы сатысы болып табылады. Бұл баяндамада A1 және A2 деңгейлеріне арналған тақырыптық топтар, жаңа сөзді менгерту әдістері, грамматикалық құрылымдарды үйрету тәсілдері және лексика-грамматикалық минимумды тиімді енгізу жолдары қарастырылады.



Тақырып, лексика және грамматика байланысы



1.A1-A2 деңгейлеріндегі тақырыптық топтар мен сөз саны Еуропалық тілді менгеру стандарттарына сай, A1 және A2 деңгейлері тіл үйренудің бастапқы сатысы ретінде анықталады. Осы деңгейлерде тілдік қарым-қатынасқа қажетті ең жиі қолданылатын лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдар қамтылады.

A1 ДЕҢГЕЙІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

1. Танысу
 2. Отбасы
 3. ҮЙ. Мекенжай
 4. Оқу. Білім
 5. Мамандық
 6. Денсаулық
 7. Табиғат
 8. Ұақыт
 9. Азық-түлік
 10. Киім
 11. Саяхат
- 690 сөз

Аталған деңгей бойынша лексикалық минимум шамамен 690 сөзді қамтиды. A2 деңгейінде жоғарыда аталған тақырыптарға қосымша «Өнер» тақырыбы қосылады.

A2 ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАР

1. Танысу
2. Отбасы
3. Үй. Мекенжай
4. Оқу. Білім
5. Мамандық
6. Денсаулық
7. Табиғат
8. Уақыт
9. Азық-түлік
10. Киім
11. Саяхат
12. Өнер

1270 сөз=690+580

A2 деңгейінің лексикалық көлемі – 1270 сөз (690 + 580 жаңа сөз).

2. Лексиканы менгерту әдістері және сөз тіркестерімен үйрету

ЖАҢА СӨЗДІҢ ЕСТЕ САҚТАЛУЫ ҮШІН

ЕКІНШІ СӨЗБЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ОТЫРУ ҚАЖЕТ

МЫСАЛЫ, “ДОП” СӨЗІН ҮЙРЕТСЕҢІЗ, ОНЫМЕН ЖИІ
БАЙЛАНЫСҚА ТҮСЕТИН “ТЕП” СӨЗІН ҚОСА ҮЙРЕТУ
ҚАЖЕТ.

СОНДА

ДОП+ТЕП=ДОП ТЕПТІ

Лексикалық бірліктерді оқытуда оларды бір-бірімен семантикалық және прагматикалық байланыс негізінде үйрету – тиімді әдістердің бірі. Мысалы, “доп” сөзін үйреткенде онымен жиі байланысқа түсетін “теп” етістігімен бірге оқыту ұсынылады: “доп тебу”. Бұл тәсіл оқушының ойлау қабілетін дамытып, жаңа сөздің қолдану аясын кеңейтеді.



ҚЫМЫЗДЫ САПЫРУ

ШАҢҒЫ ТЕБУ

КИТАП ОҚУ/ЖАЗУ

ШАЙ ҚАЙНАТУ

ОЙЫН ОЙНАУ



Бұл тіркестер арқылы оқушылар тек сөздің мағынасын емес, ұлттық-мәдени контексті де менгереді.

3. Грамматиканы функционалды түрғыда менгерту

Грамматикалық құрылымдарды жаттауға емес, олардың мағынасына, қолдану жағдайына баса назар аудару қажет. Мысалы, өткен шақтың білдіретін “-ған/-ген” жүрнағы түрлі прагматикалық жағдаяттарда әрқалай қолданылады:

**ГРАММАТИКА ФУНКЦИОНАЛДЫ ТҮРҒЫДА
ҮЙРЕТИЛУІ КЕРЕК. ГРАММАТИКАЛЫҚ
ФОРМАЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫНА ЗЕР САЛУ
КЕРЕК.**

**МЫСАЛЫ, -ҒАН/-ГЕН ЖҮРНАҒЫН ҚАНДАЙ
ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНАТЫМЫЗ
ҮЙРЕТИЛУІ ҚАЖЕТ.**

- Мен кеше айттым. (жай факт)
- Мен оған айтқан едім. (акцент, себеп)
- Осыны айтқан адам жасасын. (құрмет)

Грамматиканы осылайша мағыналық-функционалдық түрғыдан түсіндіру тіл үйренушіге оны шынайы қатысында дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

4. Фразеологиялық бірліктер мен стилистикалық реңк

Қазақ тілінде синонимдік тіркестер мен стилистикалық реңкке ие сөзқолданыстарды менгерту – тілдің экспрессивтік қабілетін тануға жол ашады. Мысалы:

- “Сұтпен шай”
- “Сұтті шай”
- “Сұт қосылған шай”
- “Сұт қатқан шай”

Бұлар бір мағынаға жақын болғанымен, стильдік және прагматикалық түрғыда әртүрлі қолданылуы мүмкін. Мұндай ұсақ айырмашылықтар тілді терең әрі табиғи үйренуге негіз болады.

СҰТПЕН ШАЙ

СҮТТІ ШАЙ

СҮТ ҚОСЫЛҒАН ШАЙ

СҮТ ҚАТҚАН ШАЙ

ҚАЛАЙСЫН?

КАК ТЫ?

КҮЙ ШЕРТУ/ТАРТУ

КҮЙ ОРЫНДАУ



5. Сөйлеу актілері және қарым-қатынас мақсаттары

A1-A2 деңгейінде оқушылар сөйлеу арқылы әртүрлі коммуникативтік мақсатты жеткізе алуы тиіс: өтініш айтуда, талап қою, себебін түсіндіру, ниетін білдіру, шарт қою және көңіл күйді жеткізу. Бұл сөйлеу актілері функционалдық грамматикамен және тақырыптық лексикамен үштастырылып берілуі керек.

A1-A2 деңгейіндегі лексика-грамматикалық минимум – қазақ тілін менгертудің іргетасы болып табылады. Жаңа сөзді тіркестіріп үйрету, грамматиканы функционалды түрғыда менгерту, эмоциялық-реңкті тілдік бірліктермен жұмыс жасауда, сөйлеу актілері мен коммуникативтік жағдаяттарды қамту – тілді шынайы әрі тиімді оқытуудың кепілі. Оқыту процесінде ұлттық мәдениетпен үштастырылған тілдік мазмұн оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, терең әрі жүйелі білім алуда мүмкіндік береді.

Лексика-грамматикалық минимумды қолдану әдістері тіл үйренушілерін түрлі тілдік тапсырмалар арқылы оқытуға, сөздік қорды кеңейтуге және сөйлем құрылымын дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Оқытушы мен студенттің өзара ынтымақтастығы, түрлі жаттығулар мен тілдік ойындар арқылы үйренушілердің мотивациясын арттыруға болады.

Практикалық жұмыс

2-күн (15.05.2025)

zhansaya.bakhytbekkyzy@gmail.com Сменить аккаунт



✉ Не будет видно получателю

*Обязательный вопрос

Тапсырмалар

Michel Thomas әдісі арқылы сөйлемдер тізбегін құраңыз. *

Мой ответ

Лексика-грамматикалық минимумының А2 деңгейіндегі "Үй. Мекенжай" тақырыбы бойынша берілген сөздердің ең маңызды деген 10-ын таңдап алыңыз. Эр сөзге бірнеше сөз тіркесін құрап жазыңыз.

Мой ответ

"Құлау", "ақырын", "пікір", "кітап", "секіру", "мәссаған" сөздеріне ассоциациялық карта жасаңыз.

Мой ответ

Екінші күннің практикалық тапсырмасы спикер Мәди Фазлдың баяндамасына тікелей байланысты болды. Қатысушылар өздерінің жауаптарын Google Forms-қа салды.

A1 және A2 деңгейлерінде лексика-грамматикалық минимумды қолдану әдістері – тіл үйренудің алғашқы кезеңдерінде аса маңызды рөл атқарады. Осы деңгейлерде студенттер негізгі сөздер мен қарапайым грамматикалық құрылымдарды меңгеріп, күнделікті өмірде қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдыларды алады. Бұл кезеңде басты мақсат – тілдің негізгі элементтерін түсіну мен қолдану, сөйлеу дағдыларын дамыту және өз ойларын қарапайым тілде жеткізе алу.

A1 және A2 деңгейлерінде лексика-грамматикалық минимумды тиімді қолдану – тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Бұл деңгейлерде тілдік қор мен грамматикалық түсінігі әлі шектеулі болғандықтан, тек қажетті және қолдануға ыңғайлы бірліктерді ұсыну – оқыту үдерісінің сапасын арттырады.

ЛГМ негізінде жасалған тапсырмалар арқылы сөздерді жаттап қана қоймай, оларды сөйлеу барысында орынды қолдана білуге үйренеді. Сонымен қатар, қарапайым, бірақ жүйелі құрылымдар арқылы тіл үйренушілердің өз-өзіне деген с артады.

ІІІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЗИЯТ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АРҚЫЛЫ НАСИХАТТАУ: МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР

M.N. Советбек

«Sovietback.school» тіл мектебінің жетекшісі, полиглот, блогер, тіл маманы

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Ел азаматтарының, соның ішінде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін менгеруі елдің бірлігі мен ақпараттық тәуелсіздігінің кепілі болып табылады. Бұл тілде білім беру ұлттық мәдениетті, тарихты, дәстүрді, өнер мен әдебиетті насиҳаттау арқылы қоғамның рухани дамуына ықпал етеді. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту – бұл тек тіл үйрету ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортаға бейімделу, ақпаратпен қамтамасыз ету және мәдени құндылықтарды сақтауға бағытталған маңызды процесс болып табылады. Осы мақсатта, әсіресе, қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан адамдар үшін жаңашыл және тиімді әдістерді пайдалану қажет.

Мағжан Советбек – ағылшын тілі мұғалімі, блогер және тіл оқыту саласында тәжірибелі маман. Оның әлеуметтік желілердегі контенті қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыруда үлкен рөл атқарады. Советбек әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілерге арналған контент жасайды. Ол Instagram мен TikTok сияқты платформаларда түрлі тақырыптарда қазақ тіліне арналған қызықты, пайдалы және оқытуға бағытталған видеолар мен посттар жариялады. Оның парапашаларында 100 мыңнан астам жазылушки бар, бұл оның аудиториясының кеңдігін көрсетеді. Оның контенті, өз кезегінде, қазақ тілін үйренуге деген сұранысты арттырып, жаңа белестерге жетуге мүмкіндік берді.

**әлеуметтік желідегі контент =
жаңа теледидар**



Атап өткен тағы бір маңызды аспект – әлеуметтік желілер қазіргі таңда жаңа теледидарға айналды. Көптеген адамдар ақпаратты құнделікті өмірде теледидардан емес, интернеттен алады. Сондықтан, контентті уақытында, әрі

дұрыс форматта ұсыну маңызды. Әлеуметтік желілер арқылы тілді насиҳаттау – тек жастарға ғана емес, әртүрлі аудиторияға әсер етуге мүмкіндік береді. Осы платформалар арқылы қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықты арттыруға және оны үйрену процесін қызықты әрі тиімді етуге болады.

жеке бренд/тілді насиҳаттау =

контент көлемі + аутентика (ерекшелік)

Қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан аудиторияға сапалы контент ұсыну үшін бірнеше маңызды қағидаларды сақтау қажет. Әлеуметтік желілердегі контент жүйелі, сапалы және қызықты болуы тиіс. Мағжан Советбек аптасына кемінде 2 пост жариялауды ұсынады, ал ұздік контент жасаушылар күніне 4 рилс жариялады. Бұл контенттің тұрақтылығы мен белсенделілігін көрсетеді. Әр платформаға бейімделген контент жасау да маңызды, мысалы, Instagram-да визуалды тартымды, TikTok-та көнілді және қысқа видеолар жариялау тиімді болады. Контентті жасау кезінде аудиторияның қызығушылығын, заманауи трендтерді және әр платформаның ерекшелігін ескеру қажет.

аутентика - ерекшелік

- әр адам - қызық тұлға
 - менің жағдайымда: ән айту, әзілдер, спорт
- don't create - DOCUMENT!

Әлеуметтік желілердің қазақ тілін үйренудегі рөлі зор. Олар тіл үйренушілерге бірнеше аспектілер бойынша көмек көрсетеді:

Мотивация: Әлеуметтік желілер тіл үйренуге қызығушылық танытқан адамдарға мотивация береді. Тұрақты түрде жарияланатын контент тіл үйренушілердің алға ұмтылуына ықпал етеді.

Қызықты форматтар: Әлеуметтік желілер грамматика мен жаңа сөздерді жеңіл әрі қызықты түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Видеолар мен графикалық материалдар арқылы тіл үйрену процесі тиімді әрі есте қаларлық болады.

Сөйлеу дағдылары: Әлеуметтік желілердің видео контенті сөйлеу дағдыларын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Тілді күнделікті сөйлесулерде қолдану дағдылары дамиды.

Әр түрлі дағдыларды қатар дамыту: Жазылым, тыңдалым, айтылым, оқылым дағдыларын бірге дамытуға болады. Әлеуметтік желілерді қолдана отырып, бұл дағдылардың барлығын бір уақытта дамыту мүмкіндігі туындаиды.

Әлеуметтік желілер әртүрлі контекстке ие, сондықтан контентті нақты бір платформаның ерекшеліктеріне сай жасау өте маңызды. Мысалы, TikTok-та қысқа, көңілді және көрнекі видеолар жақсы жұмыс істейді, ал Instagram-да визуалды жағынан тартымды рилс пен сторилер арқылы ақпарат ұсыну тиімді. YouTube-та тереңірек талдау жасауға мүмкіндік бар, сондықтан ұзақ видеолар мен толыққанды оқыту контенті жасауға болады. Әр платформаның аудиториясы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, контентті бейімдеу маңызды.

Неге жеке бренд - құруға тұрарлық нәрсе?

Контент жасаушы өз аудиториясын жақсы түсінуі керек. Аудиторияның жасы, қызығушылықтары, білім деңгейі және тіл үйрену қабілеті контент мазмұнын анықтайды. Жастар арасында танымал трендтерді пайдалану, қазіргі поп-мәдениетке сүйену арқылы тіл үйренуді заманауи етуге болады. Контексті ескере отырып, әр платформаның “тілінде” сөйлеу контенттің тартымдылығын арттырады.

Контент жасаушының жеке тұлғасы да маңызды рөл атқарады. Мағжан Советбек өзінің хоббилері мен әзілдері, ән айту қабілеті арқылы аудиториямен тығыз байланыс орнатады. Бұл аудиторияның контентті тек

білім алу үшін ғана емес, жеке тұлғаны танып-білу үшін де қызығушылық танытуына себеп болады. Контент тек үйретуге бағытталмай, көрерменмен эмоционалдық байланыс орнатуға, олардың сенімін қалыптастыруға да ықпал етуі тиіс.

contacts lead to contracts

Қазақ тілін үйрететін мұғалімдерге арналған бірнеше практикалық ұсыныстар:

Тұрақты контент жариялау: Мұғалімдер аптасына бірнеше рет контент жариялауды әдетке айналдыруы қажет.

Түсінікті және жеңіл тілде видео жасау: Видео контентті жеңіл және қарапайым тілде жасау арқылы тіл үйренушілердің түсіну деңгейін жоғарылату.

Қызықты тапсырмалар қолдану: Ойын түріндегі тапсырмалар, интерактивті материалдар арқылы тіл үйрену процесін қызықты ету.

Қоғамдық трендтерге негізделу: Мемдер мен челлендждер сияқты трендтерді қолдану арқылы контенттің қызығушылығын арттыру.

Пікірлерді ескеру: Тіл үйренушілердің пікірлері мен ұсыныстарын ескеріп, контентті жетілдіру.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда әлеуметтік желілердің мүмкіндігі шексіз. Бұл үдерісті тиімді жүргізу үшін креативтілік, жаңашылдық және жүйелілік қажет. Менің тәжірибесі – мұғалімдер үшін үлгі әрі шабыт көзі. Оның көрсеткен жолымен жүріп, әр мұғалім қазақ тілін кеңінен насихаттауға және оны екінші тіл ретінде үйренуге қызығушылық танытқан көптеген адамдарға көмек көрсетуге өз үлесін қоса алады.


B1, B2 ДЕНГЕЙЛЕРІНДЕ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Д.Ж. Оспанова

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы Әдістеме LAB жетекші ғылыми қызметкері

Қазақ тілін шет тілі ретінде үйрету барысында лексика-грамматикалық минимумды менгерту – білім беру жүйесінің маңызды және өзекті мәселелерінің бірі. Әсіресе, тіл үйренушілердің B1-B2 деңгейінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда лексика-грамматикалық минимумның рөлі зор. Бұл деңгейде тіл үйренушілердің қазақ тілін тиімді менгеруі үшін грамматикалық құрылымдар мен сөздік қордың негізі қалануы керек. Сонымен қатар, тілдің эмоционалды және мәдени астарын, эмотивті лексика мен паралингвистикалық тәсілдердің үйлесімді қолданысы маңызды фактор болып табылады. Бұл баяндамада лексика-грамматикалық минимумды менгертудің заманауи тәсілдері, ұлттық-мәдени компоненттерді қамтитын тілдік бірліктердің орны, сондай-ақ эмоционалды зиятты дамыту құралдары қарастырылады.

Эмотивті құзырет және эмоционалды зият



Эмотивті сөздер – адамның сезім-қүйін, эмоциясын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері. Олар сөйлеу тілін шынайы, әсерлі және эмоционалды етеді. Лексика-грамматикалық минимум (ЛГМ) – белгілі бір тілдік деңгейде менгерілуі қажет негізгі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығы. B1 және B2 деңгейлерінде бұл минимум кеңейіп, сөйлеу барысында сезімді білдіруге арналған эмотивті сөздердің үлесі арта түседі.

- *Кешіріңіз, апай, сізге сұрақ қойсам бола ма?*
- *«Айнапайын, айын етте, немерем күтіл қалды. Ренжіме.*
- *Оқасы жок, сау болыңыз.*

- *Кешіріңіз, бірер минут уақытыңызды беле аласыз ба?*
- *Айын етпеніз. Кешігін баралын.*
- *Оқасы жок Жолыңыздан қалмаңыз [199, 55].*

Тапсырма

Автобус

Кофехана

Жол сұрау

1. Лексика-грамматикалық минимум және оның қолдану аясы

1.1. Лексика-грамматикалық минимум

Лексика-грамматикалық минимум – тіл үйренушінің тілдік қатынасты тиімді жүзеге асыру үшін қажет болатын сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығы. Бұл минимум оқытуудың әр деңгейіне сәйкес құрастырылады. В1-В2 деңгейі үшін лексика мен грамматика тіл үйренушілердің әртүрлі өмірлік жағдайларда еркін қарым-қатынас жасаудың мүмкіндік береді.

Тапсырма үлгісі (мектеп)

№	Жағдаят	Эмоцияның вербалдануы	Кілт сөздер
1	Қожаның, айнамен (өзімен) сейлесуі.	(кино үзіндісінен тыңдал жазылады)	теріп жазылады
2	Дойбы ойнағанда Жанармен үркісип қалуы.		
3	Мектептегі жиналыс.		

Грамматикалық минимум В1-В2 деңгейінде келесідей негізгі аспектілерді қамтиды:

- Етістіктің шақ категорияларын менгеру: өткен шақ, осы шақ, келер шақ. Бұл шақтар тіл үйренушінің уақытты дұрыс анықтап, оқиғаның орындалу тәртібін түсінуіне көмектеседі.

- Жіктік, тәуелдік, септік жалғауларын қолдану: бұл деңгейде тіл үйренушілер өз ойын нақты әрі дұрыс жеткізу үшін септік және тәуелдік жалғауларын қолдануды игеруі керек.
- Салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді түсіну және құра білу: құрделі құрылымдар арқылы тіл үйренуші ойды тереңірек және жүйелі түрде жеткізе алады.

Үлгі:

- ...Мынау тамағымдағы дақ содан қалған, қарагым, әйтпесе екі аяқтының аруы едім. – Енесі өз сөзіне өзі күлді.*
- Сіз қазір де сұлусыз, ана, – Айна енесінің бетінен сүйді.*
- Сұлулық бізден қалғаны қа-ша-а-ан. – Кемпір үйдің босағасына қарап әлдебір ойга берілгендей, әлдене ойына оралғандай үнсіз жатты [О.Бекей. Атау кере].*

Лексикалық минимум тақырыптық сөздер мен тіркестерді қамтиды. В1-В2 деңгейінде жиі қолданылатын тақырыптық сөздік қорға мыналар жатады:
 Отбасы және қарым-қатынас
 Көлік және саяхат
 Білім, жұмыс және демалыс
 Қоғамдық қызметтер мен әлеуметтік байланыстар
 Тақырыптық сөздік қор тіл үйренушінің күнделікті өмірде қажетті сөздермен танысуына, сондай-ақ кәсіби және әлеуметтік жағдайларда еркін сөйлеуіне мүмкіндік береді.

2. Эмотивті лексика және оның тіл үйретудегі рөлі
 Эмотивті лексика – бұл сөздер мен тіркестердің тілдік және эмоционалды мәні бар. Эмотивті лексика қарым-қатынас кезінде тілдің эмоциялық жағын білдіреді және ұлттық дүниетаным мен мәдениетті жеткізеді. Мысалы: "Айналайын", "ренжіме", "оқасы жоқ", "айып етпе" деген сөздер арқылы қазақ халқының мейірімділік, қамқорлық, құрмет сияқты қасиеттері көрсетіледі.

Эмотивті лексиканың тіл үйретудегі тиімділігі

* эмотивті лексика –
 – взғе тілді
 үйренушілерге
 тілдің ұлттық-
 мәдени
 ерекшеліктерін
 көрсетемін, тәз
 ұғып атуда
 мүмкіндік беретін
 бірден-бір құрап.

Эмотивтік	жары	Сүйіктік	байдыт	тапшылғы	өзіле	жазыл	жордапыл	жолту	чекту	төлеу	жылжу	жинжу	жылжу	жанисыл	жабыл	шарашу	жұбапыл	жандару	Бас тарту	екіншіл	жапыру
A1	3 0	1	8	0	4	1	7	2	3	5	1	2	1	1	1	4	5	0	0	0	
A2	1 0	1	9	4	7	2	1 5	0	2	9	6	4	7	5	4	4	9	4	3	0	
B1	3 8	1 2	1	4	3	2	1 0	4	3	1	1	3	7	5	2	1	6	2	2	1	
B2	3 3	1 0	8	1	3	1	1 0	7	2	5	2	1	4	6	5	1	9	0	3	2	
Барл ығы	1 0	5 1	3 7	1	7	6	4	1	1	3	1	2	1	1	1	3	2	6	8	3	

«Жүрегіңе ауыр алма», «қазақтың ырымдары» сияқты тіркестер ұлттық мәдениетке тән ерекшеліктерді жеткізеді. Эмотивті лексика тек тіл үйренушінің сөздік қорын байытумен шектелмейді, сонымен қатар ол оның қазақ халқының әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Эмотивті лексика арқылы тіл үйренуші қарым-қатынаста сыйпайылық пен құрметті білдіретін тілдік құралдарды қолдануға үйренеді.

3. Эмотивті құзыret және эмоционалды зият

Эмотивті құзыret – бұл тұлғаның тілдік қарым-қатынаста эмоцияны дұрыс тани білу, білдіру және басқару қабілеті. Бұл құзыретті дамыту сөйлеу әрекеттерінің барлық түрін (тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу) жандандыруға ықпал етеді. Эмотивті құзыреттің жоғары деңгейі тіл үйренушінің эмоцияны дұрыс анықтап, оны сөзбен немесе басқа паралингвистикалық құралдармен (мимика, интонация) тиімді білдіруіне мүмкіндік береді.

Эмоционалды зият – бұл адамның өз эмоциясын, өзгенің эмоциясын тани білу және оны дұрыс басқару дағдысы. Эмоционалды зияттың болуы адамға қарым-қатынас барысында сезімдерді дұрыс басқара білуге және тиімді тілдесуге көмектеседі. Эмотивті лексика мен тілдік жағдаяттарды қолдану арқылы студенттердің зияттық және эмоционалды қабілеттері дамиды. Тіл үйренушілер өздерінің ішкі күйзелістерін, қуаныштарын немесе өкініштерін тіл арқылы тиімді жеткізе білуі тиіс.

4. Паралингвистикалық тәсілдер және интонациялық үлгілер

Тіл үйренуші үшін паралингвистикалық тәсілдер (интонация, дауыс ырғағы, мимика, ым-ишара) маңызды құрал болып табылады. Паралингвистикалық құралдар тілдің экспрессивтік мәнін тереңдетеді, сөйлеушінің эмоциясын немесе ішкі күйін анықтауға көмектеседі.

Интонацияның көмегімен сөйлеуші тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз эмоциясын, көңіл-күйін де білдіре алады. Мысалы, бір ғана "Неге біз осы..." құрылымының өзі сөйлеушінің көңіл-күйін, ашуын немесе наразылығын білдіруі мүмкін:

"Неге біз осы ұйықтай береміз?" – наразылық білдіреді;

"Неге біз осы жұмысқа кешігеміз?" – қынжылу;

"Неге біз осы ашуланамыз?" – сұрақ арқылы ашу мен түсініспеушілікті білдіреді.

Неге біз осы

- Орнынан қарғыт тұрган Tagan қол қаттағап сіміріп жіберді де, нарга жатп етіп құлап түсті. Жатқан қаттында сұқ, саусағын шошайтын: – Неге біз осы... жаңынан тұрган оттың не су құйып еширеңіз, не болмаса май құйып даулата ертеп жібереміз. НЕГЕ БІЗ ОСЫ бұл дүниенің барлық мұлтқын арасы дүниеге арқалап көтердей мәрніндеңдан қан ақжанша дүниес-боқ жиғіттіз, ал Айттыңдағышы, ағайын, салт басым, сабак қатшағынан басқа түгім жоқ менің сөндөрден қай жерім кем? Кімнің тұңығын шайқаратын, кіндөрдің ырысын ішіл тауыситтын? Соншалықты неге жек көрсіңдер? Мен – талаштын. Менің білемтікімнің тәнірім ау, бес проценттің иегөсөңдер, алдеңешан даңышман болып алемнің билігін қолдарыңа атмайсыңдар ма? Ей, Захар, сен жақры орыссың, түрің таның, бір жерден көрғен сияқтытын. Қайдан? Мұлқін, айыртырғыштан, белкім, ЛПП-дан... [153].

паралингвистикалық тәсіл: фонациялық, кинесикалық және графикалық

Тіл үйренуші осында интонациялық ұлгілерді дұрыс қолдану арқылы тілдің экспрессивтік және риторикалық функцияларын менгереді.

5. Мәтінмен жұмыс және тілдік жағдаяттар

Қазақ көркем әдебиеті мен мәдениеті тіл үйренушіге тілдің терең табиғатын түсінуге көмектеседі. Мысалы, Оралхан Бекейдің "Атау кере" шығармасындағы кейіпкерлер арасындағы диалогтар қазақ тілінің эмоциялық бояуын, интонация мен сөйлеу мәнерін түсінуге мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс істеу барысында тіл үйренуші. Сөйлеу ұлгілерін жаттап қана қоймай, оны нақты жағдаятқа сай қолдануға үйренеді; Ұлттық танымдағы тілдік күрылымдарды менгереді; Тілдің функционалдық стильтерімен танысады.

Мәтіндер арқылы тіл үйренушілердің сөйлеу дағдылары дамиды, сондай-ақ мәдени және эмоционалды контекстті дұрыс түсінуге мүмкіндік алады.


- Неге біз осы? – адамның айналасында болып жаткан құбышыс, нәрселерге, адамдарға науы, езіне өзі реніши «неге?», «осы» сездері арқылы андалып тұрғанын анықтауда болады;
- Неге уақыттыңда келімейсі өсі?
- Неге сен үйніктай бересі өсі?
- Неге сүйтісі өсі?
- Неге.... өсі?
- Мұндайы «неге» жауапсыз сұрақтардың, көніл толмауды билірүте, ал «осы» күнделікті қайталанып, әдетке айналған кылымка карсы жақтырмады, қолдамады, ұнатпруды билірү елеуетін көрсетеді. Тіл үйренушілерге осындағ белгітерге мән беру арқылы да үйреніп жатқан тілнің эмотивті, катысымдық алеуетін көрунен мүмкіндік жасалады.

Тапсырма
Ұлті бойынша қандай мысал ұсынар едініз?


Тиімділікты тексеру

жыл	аралық	турлар	забек	шырын	уралын	жергілік	жастай	
16	11	11	4	3	2	2	1	
Жанымен: айыл - 39; срих - 12.								
Жас тұрғындар: 18-30 жыл - 39 шт; 30-40 жыл - 9 шт; 40+ жыл - 3 шт.								


Катысымда емоцияны дәл жеткізуге комектесетін сөздердің үйрену қажет пе?




Қазақ тілінде куанышты жеткізуудің сілгі ең ыңғайлы формасы:



Катты ашупланғанда не айтасыз?



7. Жағарыдағы мысалдардың тілді түсінуге септің тиे ме?



Сейлемді жалғастыру тапсырмасы
Сөз тандыу тапсырмасы



Sentence pattern

- Неге біл осы...
- а) осындаімыз?
- в) қызықты адамдар
- б) қуанамыз?
- е) орысша қосынғасайтейміз?
- ә) тиисеміз, урасамыз?
- ә) жүмысқа барашымыз?
- ә) біз бұл алемде емір суреміз?
- ә) жалқаулымыз
- ә) көп уақытты болашамыз?
- ж) бай емесініз?
- и) ерқашан қызындыққатап болашамыз?
- и) тиіл үйренгенде практикага көнілбеттейміз?
- қ) оқбаганбыз
- լ) қиналадында ойындың жеткізгенде
- м) катыншылдарынан?
- н) үнемі күліл жүре алмаймыз?
- ә) біз осы ашуланамыз?
- ә) қолыныңдан көлеттің істі дәл қазір жасаудың орнына кейінгө қалдыратыныз?
- р) етірік сөйлейміз?

Неге біл осы ...

- а) белмеде отырамыз?
- ә) туралы ойламадык?
- б) алемде ерекшеміз
- в) сауалнаманы толтырып отырмыз?
- г) автобуспен барамыз?
- ғ) Қазақстанда тұрамыз?
- д) емірдін мәнін жіңіздең, осы дүниедегі өз орнының түсінуге тырысамыз
- е) кешеге келдік
- ж) тойламаймыз.
- е) тиіспеші
- ж) қуанамын
- е) сабакқа барамыз.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда лексика-грамматикалық минимумды менгертудің маңызы зор. В1-В2 деңгейінде тіл үйренушілердің коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін лексика мен грамматика ғана емес, сонымен қатар эмотивті лексика, паралингвистикалық құралдар және эмоционалды зият да маңызды рөл атқарады. Қазақ тілін үйренуші тек тілдік құрылымдарды менгеріп қана қоймай, сондай-ақ ұлттық мәдениетті, эмоцияларды білдіру жолдарын, сөйлеу мәнерін де игеруге тиіс. Бұл аспектілердің үйлесімді түрде қолданылуы тіл үйрету процесінің сапасын арттырып, тіл үйренушінің толыққанды коммуникативтік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
----------------------	----------

I ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТИЛЕРІ

Ш. Қапантайқызы

Лексика-грамматикалық минимум және қазақ тілін деңгейлеп оқыту әдістемесі.....	5
---	---

Ж.Қ. Ербатырова

Лексика-грамматикалық минимум арқылы тапсырмалар құрастыру жүйесі.....	17
---	----

II ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ/ШЕТ ТІЛІ РЕТИНДЕ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

М.Н. Базілбек

Қазақ тілін үйретушілердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру.....	24
--	----

А.С. Зинедина

A1, A2 деңгейлерінде лексика-грамматикалық минимуды қолдану әдістері.....	29
--	----

III ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЗИЯТ

М.Н. Советбек

Қазақ тілін әлеуметтік желілер арқылы насиҳаттау: мұғалімдерге арналған әдістер мен құралдар.....	36
--	----

Д.Ж. Оспанова

B1, B2 деңгейлерінде лексика-грамматикалық минимуды қолдану әдістері.....	40
--	----